

ЖАСТАРДЫҢ ТАЛПЫНЫСЫ ҚУАНТАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында магистратура, докторантура бойынша Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының ашылғанына үшінші жылдың жүзі болды. Осы мамандық ашылғалы бері өз ұлтының тілі мен әдебиетін құрмет тұтып, қастерлейтін, болашақта еліміздің арлы, намысты, білімді азаматтарын тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатуды армандап, ұстаздық жолды таңдаған, «Тілім – жаным, әдебиет-арым» деген асыл сөзді ұстанған, білім алушылар саны жылдан-жылға артып келеді. Мен жетекшілік ететін топ 2021-2022 оқу жылында қабылданған, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алатын 1 курс магистранттары. Жалпы саны 33 магистрант. Осы аз уақыт ішінде бір үйдің баласындай бір-бірімізге бауыр басып, оқу үдерісінде кездесетін мәселелер болсын, жеке бастың мәселелері болсын бірлесе шешіп, қиындықтарды бірге жеңіп, қуаныш, жетістіктерімізге бірге қуанып, бар жақсы игі істерді бірге бөлісіп келеміз. Куратор-эдвайзер болып тағайындалған соң, әр білім алушыға бағыт-бағдар, ақыл-кеңес бере отырып, саналы, білімді азамат болып қалыптасуына күш саламыз. Әйтсе де, менің тобымдағы магистранттар таным-түсінігі мол, шетінен өнерлі, өз мамандықтарын сүйетін білімді жастар екенін мақтанышпен айтқым келеді. Атап айтсам, Өтеміс Айгүл Тәуелсіздіктің 30 жыл толу мақсатында ұйымдастырылған ғылыми байқауда іріктеліп, екінші кезеңге жолдама алып, «2 999 999+1 немесе аштық жылдарындағы зобалаң» тақырыбында өз жұмысын қорғап, 50 000 сыйлық пен Алғыс хатқа ие болды.

Күнтуған Ахжарқын болса, «Қазақстан – ата-жұртым, қасиетім – ана тілім» атты «Дарын» халықаралық байқауының және «Bilim-orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен халықаралық байқаудың жеңімпазы.

«Білімді студент – білікті маман» деген қағиданы ұстанған магистранттар білімдерін практикамен ұштастырып, мектептерде шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық қызмет атқаруда. Соның бірі Данияр Гүлзада білім мен ұстаздық қызметті қатар ала жүріп, Алматы қаласындағы Алмалы ауданының білім бөлімі басшылығымен жас педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, шығармашылық әлеуетін жандандыру, кәсіби өсуіне жағдай жасау мақсатында өткізілген, 4 кезеңнен тұратын мектепаралық «Өз жұлдызыңды жақ» атты қалалық байқаудың жеңімпазы атанды. Айта берсек, мақтанатын жаңалықтарымыз баршылық. Университет, факультет қабырғасында өткізілетін іс-шараларға белсене атсалысатын өнерлі магистранттарымыз қаншама! Бір сөзбен айтқанда, менің тобым - менің мақтанышым!

Саргелтаева Ардақ Құрманалықызы,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының оқытушысы,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша
білім алатын 1 курс магистранттарының куратор-эдвайзері

GROUP PRIDE

It has been three years now since opening of the specialty of Kazakh language and literature in Masters and Doctors programs in Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Philology, Department of Kazakh Literature and Literary Theory. From the very beginning the specialty supports and encourages people who respect the language and literature; noble, honorable, educated citizens of the country, who have chosen the way of teaching. The number of such outstanding people is only increasing each year. I am leading a group of year 2021-2022 – first year Masters students of the specialty of Kazakh language and literature. Total number of students is 33. In the short time period we have become a family, which members support each other, solve issues in the process of education, even personal problems; fight all the struggles, share and celebrate our success and achievements together. As an advisor of the group I try to show direction, share knowledge to each student to form conscious and educated persons. Nevertheless, I note with proud that my group students are talented, knowledgeable and do love their specialty. To be clear, Otemis Aigul has passed the selection in the research contest organised due to 30 years of Independence and got the invitation for the second stage; she has presented her work on “Persecution during the Famine” and won the 50 000 tenge prize and a Thank-you letter.

Kuntugan Akzharkyn is a winner of international contest organised by National Innovative Research Center “Bilim-orkeniet”, also a winner of International “Daryn” contest on “Kazakhstan is my homeland, my sacred thing is my native language”.

Also Masters students practice their knowledge at schools as teachers. One of them is Daniyar Gulzada, who works as a teacher and takes part in different contests for encouragement of young teachers and contribution to their professional growth; she is the winner of 4-stage contest “Light up your star” within schools, organised by Education Department of Almaly district in Almaty. Actually there are many reasons I can be proud of my group. What about the number of talented students who always take part in events provided in our university and faculty! Briefly said, my group is my pride.

Ardak Sargeltayeva,
Teacher of the Department of Kazakh Literature and Literary Theory,
Curator-advisor of the 1-year Masters students of
Specialty of Kazakh Language and Literature